

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА

БІЛІМ БЕРУ МИНИСТІРЛІГІ


РЕСПУБЛИКА БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМНІҢ

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

VIII СЫНЫП

ӘДЕБИЕТ



ТАШКЕНТ -2019

ТҮСІНІК ХАТЫ

«Әдебиет» пәнінің оқу бағдарламасы VIII сынып оқушылары үшін мемлекеттік білім беру стандартының талаптары негізінде құрастырылған. Мемлекеттік білім беру стандарты VIII сыныптар үшін негізгі мөлшер болып есептеледі. Аталмыш сыныптар бітірушілері мемлекеттік білім беру стандартының бұл дәреже үшін қойылған талаптарға жауап беруі шарт.

Әдебиет пәнінің негізгі мақсаты мен міндеттері оқушылардың дүниеқарасын кеңейтіру және ойлауды дамыту, сөз өнеріне, Отанға, ұлттық дәстүрмен бай руханиятымызды мейір-шапағат рухында тәрбиелеу болып табылады. Жалпы орта білімнің оқу жоспарындағы әдебиет пәні оқушыларда кітапсүйер мен оқу мәдениетін және шығармашылықпен сыни тұрғыдан пікірлеу қабілетін қалыптастыруға қызмет етеді.

Пәнді оқытудың **мақсаты** - қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында өзіндік белсенділік көрсете алатын, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, әдеби көркем туындыда бейнеленген құбылысты эстетикалық тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларымен қаруланған, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастыру.

Пәнді оқытудың **міндеттері** – әдебиет бағдарламасына сай ауыз әдебиеті үлгілерінен ежелгі әдеби мұралар, жазба ескерткіштер жайлы мағлұматтар береді. Әрі, жазба әдебиетіміздің ірі тұлғаларының өмірін бір жөн көркем шығармаларын оқытып, оны да жан-жақты игерту. Олардың әрбірін жүйелі де мақсатты түрде меңгерту. Оқушылардың ауызекі сөйлеу әдеби тіл мөлшерлері негізінде қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету, сөйлеу компетенциясын құрастыру болып табылады.

Жазбаша тілде жоғары сауаттылық, әдеби тіл мөлшерлеріне мойынсұну, стилистикалық эмоционалды реңктерден пайдалана алу дағды мен біліктерін дамыту және әдебиет пәнінің мазмұнынан келіп шығып, оқушыларда тірек компетенцияларын қалыптастырудан тұрады.

Жалпы орта білім мектептерінде әдеби білім таза ғылыми мағлұматтарды емес, рухани-ақылақтық бағыттар биіктігін көздейді. Оқушылар ұлттық әдебиеттің, сондай-ақ, әлем әдебиетінің ең жақсы үлгілерін оқу мен талдау жасау негізінде ізгілік пен жауыздық, жақсылық пен жамандық жөніндегі әр түрлі сындарға душар болады, оларға саналы қатынас білдіреді, солар негізінде өздеріндегі ақылақтық-рухани қасиеттер кешенінің қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жаратады. Оларға қарағанда ашық өмірлік қатынастарды көрсету қажеттілігі болса, оқушылардың ауызекі және жазбаша тіл дамуындағы маңызды фактор міндетін өтейді.

Жалпы орта білім жүйесінде оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерінен келіп шығып әдеби шығарманы сыныпта оқу, үйренумен бірге, шығармаларды еркін үйрену және сыныптан тыс оқуға да айрықша көңіл бөлу қаратылады. Оқушыларда әдеби шығарманы талдау, әдеби-теориялық түсініктерді үйрену біліктілігі қалыптастырылады. Әдеби шығармалардың әр бірін үйренуде тарихи-эстетикалық қағидаттарға толық таянғанда да, оларды тығыз хронологиялық тәртіпте немесе белгілі бір тақырыптар (айдарлар) көлемінде үйреніледі.

- туған әдебиеттің ұлттық сипатын жан-жақты аңғарып, ондағы жанрлық ерекшеліктері мен әрбір дарынды ақын-жазушының стильдік даралықтарын анық таныту. Әрбір көрініске шығарманың идеялық-эстетикалық адамгершілікке баулитын сырларын жан-жақты ұғындыру;
- көркем әдебиетке деген ынтымақтығын оятып, аса жоғары эстетикалық талғам таразысын биіктете түсіп, олардың ой-өрісін жан-жақты қалыптастыру;
- сөз өнерінің қадір-қасиетін дұрыс тануға, оны өз ой елегінен еркін өткізе білетін, білімді де білікті жастарды тәрбиелеп, олардың дағдыларын жетілдіре түсі;
- шығарманың толық мазмұнын игере білуге талпындыра түсіп, жалпы көркем өнердің өзіндік ерекшеліктерін тұтастай қабылдауға жұмылдыру;
- оқушыда ой дербестігін кең өріс алдырумен бірге, өздерінің де шығармашылығын жетілдіріп, оларға педагогикалық тұрғыдан әсер ету.
- өз ойын аса сауатты жеткізе білуге, тіл байлығын арттыра білуге қалыптастыру.

Бағдарламада оқушылар меңгеруі тиіс болған ауыз әдебиеті үлгілерінен ежелгі әдеби мұралар, жазба ескерткіштер жайлы мағлұматтар оқушылардың білімі мен өмірге деген көзқарасы көлемінде, қоғамдық өмір мен мемлекеттік саясат негізінде тәлім-тәрбиелік міндеттерге негізделген.

Әдебиет пәні негізінен өз ішіне география, тарих, қазақ тілі, педагогика-психология, логика, этика, тіл мәдениеті және стилистика пәндерін қамтиды.

Әдеби білімді оқушының оқу әрекетін қалыптастыруға бағадралап құру – білім мазмұнын жаңартудың бір ұстанымы етіп алынды.

Әрекет түрлерін айқындауда пәнге тән жетекші білім және сол жетекші білімнің әрекеттік құрылымы ескеріледі. Әдебиетте дүниенің көркем бейнесі және тіл – осы екеуі де жетекші компонент болып есептеледі. Сондықтан

эдебиеттің басты қызметі – болмысты образдылықпен тану. Ол үшін эдебиетанымдық білім, ұғымдар, категориялар жүйесін меңгеру жеткіліксіз. Оқушы соларға сүйене отырып шығарманы терең қабылдауға, кейіпкер тағдырына ортақтасуға мүмкіндік алу жағы, сол негізде шығармаға, оның кейіпкерлеріне, онда суреттеліп отырған өмірге өзіндік көзқарасын, түйсігін, сезімдік құндылық пікірін қалыптастыру жағы ескеріледі.

Жоғары даму жолында нық қадаммен бара жатқан Өзбекстан халқының рухани дүниесі мен мәдени өмірінде жаңа дәуір басталғаны шындық. Бұл өз кезегінде білімді дәуір талабы дәрежесінде алып бару талап етілуде. “Эдебиет” пәнін оқыту және заманауи талаптар негізінде алып бару арқылы оқушылар тарапынан білімдерді игеру және көркем шығармаларды ұғыну арқылы эдеби тәлімнің мазмұны мен мақсаты, оны ұйымдастыруда білім принциптері негізінде оқушылардың дүниетанымын белсенді қалыптастыру және дамыту талап етілуде.

Оқытудың түрлерін түсініп меңгеру үшін шетел методистері іс-тәжірибелерінен алынған мысалдармен таныстыруымыз мүмкін.

Негізгі мәселе: 1. Оқытушы шығармашылығында оқыту мақсатының ерекшеліктері. 2. Оқыту мақсатын қолданудың ішкі процесі. 3. Оқыту процесінде оқушылардың ролі.

Республикамызда ғалым Б.Блум таксономиясы, “Кейс стади”ға негізделген оқыту технологиясы, дәстүрлі болмаған тест технологиясы, “Бумеранг”, “3x4”, “БББ”, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арқылы оқушыларға жоғары дәрежелі білім беру бүгінгі күннің талабы. Оқыту технологиялары, көптеген педагогикалық инновациялық іс-тәжірибелер, авторлық мектептер мен жаңашыл – мұғалімдердің проблемалары жан-жақты талдауды және жүйелеуді талап етеді.

Аталмыш оқу бағдарламасы 2018 – 2019 оқу жылында XI сынып, 2019-2020 оқу жылында VIII –IX сыныптар, 2020-2021 оқу жылында V сынып, 2022-2023 оқу жылында VI, VII, X сыныптарда басқышпа-басқыш іс жүзіне асырылады.

Жалпы орта білім мектептерінің V-XI сыныптарының әрбірінде жыл бойына: Эдебиет V сыныпта **68** сағат, VI сыныпта – **68** сағат, VII сыныпта - **68** сағат, VIII сыныпта – **68**сағат, IX сыныпта -**68** сағат, X сыныпта – **68**сағат, XI сыныпта – **68** сағат оқытылады.

VIII сынып
Әдебиет (68 – сағат, апталық -2 сағат)

Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:

- түрлі әдеби жанрларға тән айтыстарда қатысады;
- ізгілік идея мен адамилық қасиеттер жөнінде пікірлейді;
- көркем әдебиет түрлерін талдайды;
- шығарма қаһармандарының мінзедемесін бағалайды;
- қазақ ұлттық драматургиясын түсінеді;
- ғазелдерді мазмұндық тұрғыдан талдайды;
- түрлі жағдайларда тіл мәдениеті ережелеріне мойынсұнады;
- әдеби тіл нормаларына мойынсұнған түрде түрлі тақырыптарда эсерлер, реферат пен шығармашылық мәтін жазады.

Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:
(тереңдетілген)

Кіріспе
(1 сағат)

Жазба әдебиет жайлы түсінік. Қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихы сонау VIII ғасырдан басталатындығы. Яғни, VII ғасырдан өмірге келген Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет пен мәдениеттің, өнердің даму жолдары. Тарих қойнауына ой көзін қадай отырып, ежелгі дәуірлерден қалған ескерткіштер мен сәулет өнерлерінің жер астынан, жер үстінен табылған түрлі бұйымдары, сөйтіп, VIII-IX ғасырларда түркі тектес тайпалардың жан-жатқы өркендеп, дами түскендігін фактілер негізінде түсіндіру.

Ежелгі дәуір әдебиеті
(5 сағат)

Біздің заманымызға дейінгі жазу- сызулар мен аңыз жырлар.

Алып-Ер Тұңғаның өте көне замандарда өмір сүрген түркілердің көсемі екендігі. Алып-Ер Тұңғаның қайтыс болғанда, артында қалған елінің жоқтау шығарғандығы.

Күлтегін жыры жанры Орхон - Енисей өзендері бойынан табылған, Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жайындағы ескерткіштердің мәнін ашу. Олардың жазылу тарихы. Тасқа қашап жазылғандығы. Ерлік күрестері мен батырлық тұлғалары. Әсіресе, Күлтегіннің 731 жылдың 17 күні өмірден өтуі оның інісі, ақын, әрі жырау Иоллығтың ағасының басына 732 жылы құлпытас қойдыруы. Оны ою - өрнектермен тасқа қашап жаздырып, мадақтау, еске алу жыр жолдарын жаздыруы жан-жақты сөз болады.

Өлеңнің ұйқастары да әртүрлі болатындығын, яғни, аралас, шалыс, шұбыртпалы ұйқастармен өрнектеліп, жыр негізінен үш, сегіз, он үш, тіптен онанда көп жолдардан тұратындығын тәтпіштеу. Онда көрініс тапқан келісімді ырғақтар мен арнаулар, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер көп кездесетіндігі.

Әрі, жырдың қазақ халқының кейбір батырлар жырларымен үндесіп, сарындасып кететіндігіне көңіл көзін қадай айту. Қорқыт ата кітабы жөнінде. “Қорқыт ата туралы ақиқат пен аңыз”. Әрі, халық арасында кең тараған Қорқыт ата туралы ақиқат пен аңыз-әңгімелер. «Қорқыт ата кітабы» Қорқыттың нақыл сөздері. «Төбекөз дәуді өлтірген Бисат туралы жыр». Сыр өңірінде жасап, сонда дүние салуы. Жырда көтерілген адамгершілік пен адалдық идеяларының кең көрініс табуы. Әрі, бұл жырдың да қазақ эпостарымен жымдаса, сарындаса түсетін жәйттері.

Әбу Насыр әл-Фараби. Ақынның “Өлеңдер” деп жазған өлеңінің мәнін аша түсу.

- Әрі, ұлы ғұлама жайлы қысқаша мәлімет бере отырып, оның Аристотельден кейінгі екінші ұстаздық сырлары. Кеменгер ғалымның түрлі ғылым саласында еткен еңбектерін тілге ала отырып, еліне деген сағыныш сезімдерін түсіндіру.

Дархан дарын, ғұлама ғалымның өмірі мен еңбектері жайлы айта отырып, оқушылар тарапынан пікірлер, ойлар сабақтату. Тіптен, пікір таластар өткізе отырып, ол жайлы семинар сабақ пен конференциялар жасау да артықтық етпейді.

М.Қашқари. М.Қашқаридың ұлы филолог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, зерттеуші ғалым, саяхатшы екендігі. «Дивани луғат ат-түрік» (түркі сөздерінің жинағы) жинақтарының идеялық мәні, ерекшелігі, өміршендігі мен тәрбиелік мәні. «Дивани луғат ат- түрік», "Құтты білік" дастанынан үзінді, яғни «Түркі тілдерінің сөздігі» жайлы ой толғатып, солар жайлы мағлұматтар айтқызу.

Жүсіп Баласағуни. Ақынның «Құдатқу білік» – «Құтты білім» атты поэмасының идеялық мәні, ерекшелігі, өміршендігі мен тәрбиелік маңызы. Ондағы жақсылық пен жамандық, адалдық пен надандық жөніндегі қанатты сөздері, нақыл сөздер мен афоризмдерін балаларға жаттатып, ой толғату, өзара пікірлестіру.

«Білім-қазына екендігі туралы», «Ақыл, білім туралы» айтылған ойлардың мәні мен маңызы. «Қабуснама» атты еңбектің тәрбиелік мәні жайлы. Онда көрініс тапқан «Ақылың болса-өнер үйрен», «Ата-ананы құрметтеу туралы», «Аманатқа қиянат қылу - ерлік емес» деген тәлімдік-тәрбиелік, өнегелік идеялардың мәнін ұғындыру.

Әдебиеттер: 15, 16, 18, 21.

XIX ғасыр әдебиеті

(14 сағат)

Махамбет Өтемісұлы. Күрескер, Жауынгер ақынның “Ереулі атқа ер салмай”, сияқты т.б. өлеңдерінде көтерілген негізгі мәселелер.

Ақын өлеңдеріндегі асқақтық пен күрескерлік, жауынгерлік сипаттар. Елдің мұңын мұндап, жырын жырлауы. Ел үшін, халқы үшін бай, сұлтандар мен хандарды сын астына алулары.

Шортанбай Қанайұлы. Ақынның ақындық арыны қуаты жайлы қысқаша түсінік. Әсіресе, ақынның “Зар заман”, “Сөз айтайын Асанға»,

«Бір насихат айтайын» атты өлеңдерінде айтылған ойлардың сонылығы. Ақын өлеңдеріндегі тәлімдік-тәрбиелік сипаттар. Мәнерлеп оқытып, өзара пікірлесу.

Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Өмірінен қысқаша мағлұмат. Оның өлең-толғауларында сыр шерткен негізгі жәйттер. «Толғау» өлеңдерінің тақырыбы мен өлең өрнектері. Сыршылдық ширақтығы.

Мұрат Мөңкеұлы. Ақын өлеңдерінің тарихи - шежірелік сипаттары. Халықты ынтымақ, бірлікке үндеуі. Әділдік пен ерлік дәстүрлері жырлаудағы ақын арыны. «Қыз», «Топқа түскендегі толғауы». Ақын өлеңдерін мақаммен оқытып, терме ретінде айтқызу жағын да қарастырған жөн.

Абай Құнанбайұлы. Ақынның кемеңгерлік сипаты. Қазақтың бас ақыны. Өлеңге қойған талаптары мен бағасы. Өлеңдеріндегі сыршылдық пен шыншылдық көріністері. Ақынның “Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы”, “Адамның кейбір кездері”, “Әбдірахман өліміне”, өлеңдерінде көтерілген негізгі мәселелер.

Абайдың “Он Жетінші қара сөзінде” көтерілген ойлар. Ақынның негізгі пікірі, тың оймен қазақ поэзиясына әкелген жаңалықтары, қазақ поэзиясында сыншыл реализмнің негіз қалағандығы.

Әдебиет теориясы. Шумақ, тармақ, бунақ, буын жайлы түсінік.

Қосымша оқып, пікір алу үшін: “Өлсе, өлер табиғат, адам өлмес”, “Көзімнің қарасы”, “Кешегі өткен ер Әбіш”, “Жетінші және екінші қара сөздері” оқып, оларда көтерілген мәселелердің мәнін ашу.

Әдебиеттер: 13, 26, 18, 21.

XX ғасыр әдебиеті **(24 сағат)**

Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ақынның “Қалмақан-Мамыр” поэмасына арналы өзек болған негізгі оқиғалар. Поэманың реалистігімен шынайы махаббат сырлары. Шығармаға негіз болған Қалмақан, Мамыр, Әнет баба,

Қанай секілді бейнелердің өзіндік ерекшеліктері. Поэмада кең көрініс тапқан халықтың әдет-ғұрпы, наным-сенімдері, шығарманың көркемдік ерекшеліктерімен тілі.

Жамбыл Жабаев. Ақынның арыны мен жыр алыбы екендігі. Ол негізінен қазақ ауыз әдебиетінің ірі тұлғасы болумен бірге, ерлік пен елдікті, пәктік пен халықтықты жырлай білген жыр дүлдүлдігі. Әсіресе, ақынның “Жаныс ақынға”, “Патша әмірі тарылды” атты өлеңі мен “Сұраншы батыр” поэмасының негізгі идеялары. Ондағы бас кейіпкерге мінездеме бере отырып, халық батырының тұлғасын қалай даралай білгендігі.

Дастанды балаларға оқытып, оның мазмұнын айтқызу. Белгілі тақырыптарға бөле қарап, жоспар құра сөйлеуге дағдыландыру.

Міржақып Дулатұлы. Өмірінен қысқаша мағлұмат. Ақынның «Шешенің балаларын сүюі», «Жастарға», «Жас қазақтар қайдасың?» өлеңдерінде көтерілген негізгі мәселелер. Ақын өлеңдерінің өзіндік ерекшеліктері.

Мағжан Жұмабаев. Ақын дарынмен шығармаларының көркемдік ерекшеліктері. “Түркістан”, «Батыр Баян» өлеңінің негізгі идеясы. Әрі, оның тарихи тақырыпта жазылған тамаша туынды екендігі. Өлеңде көрініс тапқан тәуелсіздік сырлары, халық көкейіндегі өзекті мәселелерді сол кездің өзінде-ақ көтере білген ақынның көрегендігі.

Ілияс Жансүгіров. Ақынның өмірі мен әдеби еңбектері. Әдеби шығармаларына өнер мен табиғатты өзек етуі. Ақынның жырлаған «Жетісу суреттері», «Жетісуда су суреті» өлеңдері туған жер табиғатына сезімі, махаббаты. Ақын мен табиғат арасындағы байланыс, адамгершілік қарым-қатынасы. Ақынның көркемдегіш сөздерді (эпитет, теңеу, метафора) шебер қолдана білуі.

Мұхтар Әуезов. Әлем әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан аса талантты суреткер екендігі. Орта Азия әдебиетінде тұңғыш рет “Абай жолы” роман-эпопеясы жаза алғандығы. “Қараш-қараш оқиғасы”.

Қаламгер шығармаларында әйел теңдігі, әйел тағдырының жан-жақты сыр шертуі. Әсіресе оның “Қарашаш-Қараш оқиғасы” атты шығармасында тарих шындықтың тамаша шешімі. Жазушының суреткерлік таланты мен оқиғаны құра білудегі шеберлігі. Суреттеу, баяндау, портрет, монолог, мінезбен табиғат тылысымдарын берудегі талант сырлары.

Сәбит Мұқанов. Ақынның өмірінен қысқаша мағлұмат. Оның «Балуан Шолақ» (романнан үзінді) шығармасының идеялық мәні, ерекшелігі, өміршендігі мен тәрбиелік маңызы. Шығармада ауыл адамдарының ата қонысынан көшуге мәжбүр болған себеп жағдайлары шығармада ашық-айдын бейнеленуі. Балуан Шолақтың өнегелі өмірінің қиын да қызықты белестеріне ерекше көңіл бөлінуі тамаша суреттелуі.

Ғабит Мүсірепов. Ақынның өмірінен қысқаша мағлұмат. Ақынның «Шұғыла» әңгімесі. Әңгіменің баяндалу түрі, тіл көркемдігі.

Қасым Аманжолов. Ақынның «Туған жер», Домбыра» өлеңдері. Ақынның туған жерге деген шексіз сүйіспешілігі. Өлеңдердің үн-екпініндегі шуақты сезім, оны берудегі айшықты тіл.

Әдебиет теориясы: Эпитет, теңеу туралы ұғымды тереңдету. Өлең ұйқасы.

Жұбан Моладағалиев. Ақынның өмірбаяны мен шығармашылық жолы. «Мен қазақпын» (поэмадан үзінді) поэмасы-тарихи шежіресі. Лирикалық кейіпкер туралы ұғымды тереңдету. Поэма үзінділерін жанрлық, мағыналық ерекшелігіне сай мәнерлеп оқу. «Мен - қазақпын» тақырыбына әдеби кеш, сурет, ән т.б. түрлеріне байқау жасау.

Т.Әлімқұлов. Ақынның өмір жолы, шығармашылық жолы. Ақынның «Қараой» әңгімесінде көтерілген негізгі мәселелер. Әңгіменің тақырыбы, мазмұны мен идеясы. Әңгімеде Махамбеттің ел қамын ойлаған азаматтығы, батырлығы, қайсарлығын суреттеуі.

Әдебиет теориясы. Әңгіменің құрылысы.

Мұқағали Мақатаев. «Аққулар ұйықтағанда» шығармасы. Ақынның шығармашылығы туралы. Поэмада табиғатты қорғау, аялау идеясының

халық ұғымындағы қасиетті нәрселермен, ұлттық сенім-нанымдармен көмкеріле берілуі. Ана мен бала, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынастың жырдағы көркемдік шешімі. Жырдың сюжеті мен композициясы. Оқушылардың табиғатқа деген адамгершілік-эстетикалық қарым-қатынасын қалыптастыру.

«Төлегенге» өлеңі. Ақынның адамдарды адалдыққа, пәктікке баулитын көңіл күй лирикаларында көтерілген негізгі оқиғалар.

Шерхан Мұртаза. Ақынның өмірі мен шығармашылық жолы. «Интернат наны» әңгімесінің идеялық мәні мен өзіндік ерекшеліктері. Жазушының тіл шеберлігі, кейіпкер характерін аша білуі, тарихи деректерді орынды пайдалануы, сюжеттік құрылысы мен композициясының тартымдылығы.

Қадір Мырзаәлі. Ақынның өмір жолы мен шығармашылығы. «Нұр», «Түн кірпігін ілмеді», «Шалкөде жайлауы еркінге» өлеңдері. Ақынның шығармашылық келбеті. Өлеңнің идеялық мәні. «Нұр», «Түн кірпігін ілмеді», «Шалкөде жайлауы еркінге» өлеңдерінің мәнін ашып, оқушыларға оқытып, ойларын тыңдау.

Қабдеш Жұмаділов. Өмірінен қысқаша мағлұмат. Ақынның «Қаздар қайтып барады» әңгімесі. Әңгіменің тарихилығы. Шет елде жүрген қандастарымыздың туған жерге деген сағыныш сезімі. Қарттың туған жерге бет алуы. Жол азабы. Қарттың мойнынан қырық жыл бойы түспеген, туған жерге топырағы түйілген бойтұмардың символикалық, тәрбиелік мәні.

Олжас Сүлейменов. Ақын арыны жайлы түсінік бере келіп, оның орыс тілінде жазатындығы. Табиғат көріністерін сипаттаудағы шеберлігі мен өмірлік мәні бар мәселелерді қозғай білетін алғырлығы. Ақынның «Арғымақ», “Қыз қуу”, “Махамбетке” өлеңдерінде көтерілген оқиғалар. Шығармада көрініс тапқан ар, намыс, ержүректік пен отансүйгіштік идеялары.

Төлеген Айбергенов. Ақынның өмірі мен шығармашылығы. “Ана”, “Аруана-бауыр дүние” өлеңдерінің идеялық мәні мен ақын арынын

ашудағы сонылық сипаттары. Ана мен аруана (түйе) сезіміндегі ұқсастық. Туған жер қадірін аруананың сезінуі. Жау қолында қалмай, ботасын алып кете алмаса, шайнап өлтіріп, еліне тартады екен. Отаншылдық сезім.

Мұхтар Шаханов. Өмірінен қысқаша мәлімет. Ақынның «Арман» өлеңінің мазмұны мен идеялық мәні. Өлеңде қарияның екі жасқа сауал қоюы, оған Дойыл мен Әбудің жауаптары шебер суреттелгендігі. Өлеңді мәнерлеп оқу, түсіндіру, баяндау, мазмұндау т.б.

Төлен Әбдіков. «Қонақтар». Адамгершілік проблемасы. Өз үйінде өзі қонақ болған, ана тілін де, дінін де ұмытып бара жатқан, ұлттық санадан айырыла бастаған, ата-ана, әулет алдындағы парыз туралы түсінігі көмескі тартқан Сапабек бейнесі. Жалғыз ұлына көңілі толмаған әке.

Проблема сипаттағы әңгіме, пікір сайыс өткізу. «Ата-ананың қадірін» деген тақырыпта шығарма жазу.

Тұрап Айдаров. Өмірінен қысқаша мәлімет. Ақынның «Отаным», «Тіл-күдірет» өлеңдері. Ақынның Отанына, халқына тілге арнап жазған өлеңдері мен халықтар достығы, туысқандығы жайлы сыр шерткен туындылары.

Қалдыбек Сейданов. Ақынның өмірі мен шығармашылығы. Ғылыми ізденістері. «Өзбекстан – өз елім», «Мен ақынмын», «Тасыма» атты өлеңдерінің тақырыбы.

Мекембай Омаров. Қысқаша өмір жолы. Ақындық болмыс бітімі. Оның «Түркістан», «Халқым» секілді өлеңдерінде сыр шерткен елге, жерге, туысқандарға деген ой-арманы. Туыстық сезімдермен олардағы шынайылық сырлары.

Әдебиеттер: 13, 26, 18, 21.

Туысқан халықтар әдебиеті (10 сағат)

Махсуд Шайхзада. “Мырза Ұлықбек” трагедиясы жайлы.

М. Шайхзаданың өзбек драматургиясы өркендеуіне қосқан үлесі.
“Тілегім менің” өлеңі.

Саид Ахмад. “Уфқ” романы туралы.

Саид Ахмадтың өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет.

Асқад Мұхтар. “Шынар” романы туралы. Асқад Мұхтардың өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет. “Шынар” романы жазушының шығармашылығындағы жаңа басқыш. Романның негізгі кейіпкерлері мен композициялық тұрғыдан өзіне тән ерекшеліктері.

Міртемір. Ақынның өмір жолы мен «Сені, балалығым, мен көрдім», «Абай ата» өлеңдері.

Мұхаммед Юсуфтың өмірі мен шығармашылығы.

“Отаным”, “Мейір қалар” өлеңдері.

Шыңғыс Айтматов. Ақынның өмірі мен шығармашылығы. «Ақ кеме» хикаятынан үзінді.

Әлем әдебиеті үлгілерінен (2 сағат)

Сергей Есенин. Сергей Есениннің өмірі мен шығармашылығы. “Сіңлім Шураға”, “Ананың сыйынуы” өлеңдері.

Әдебиеттер: 31, 32, 33,34.

Мазмұндама – 8 –сағат

Бақылау-тест – 4-сағат

**Әдебиет пәнінен тақырыптық жоспарлар
(8- сынып)**

№	Тақырыптар аты	Сағаттар саны		
		Жалпы	Теориялық	Практика
1	Кіріспе.	1	1	
2	Ежелгі дәуір әдебиеті	5	5	
3	XIX ғасыр әдебиеті	14	14	
4	XX ғасыр әдебиеті	24	24	
5	Туысқан халықтар әдебиеті.	10	10	
6	Әлем әдебиеті	2	2	
7	Мазмұндама	8	8	
8	Бақылау-тест	4	4	
	Жалпы	68	68	

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН
ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕККӨЗДЕР:**

1. O‘zbekiston Respublikasining 1997- yil 29- avgustdagi “Ta’lim to‘g‘risida” gi Qonuni.
2. O‘zbekiston Respublikasining 1997-yil 29-avgustdagi “Kadrlar tayyorlash milliy dasturi to‘g‘risida” gi Qonuni.
3. O‘zbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasining 1999- yil 16 -avgustdagi “Umumiy o‘rta ta’limning davlat ta’lim standartlarini tasdiqlash to‘g‘risida” gi 390-sonli qarori.
4. O‘zbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasining 2017 yil 6 apreldagi “Umumiy o‘rta ta’lim va o‘rta maxsus, kasb-hunar ta’limining davlat ta’lim standartlarini tasdiqlash to‘g‘risida” gi 187-son qarori.
5. O‘zbekiston Respublikasi Vazirlar Mahkamasining 2017 yil 15 martdagi “Umumiy o‘rta ta’lim to‘g‘risidagi Nizomni tasdiqlash haqida” gi 140-sonli qarori.
6. Каримов И.А. Жоғары руханият жеңілмес күш. Т.: Маънавият. 2008.-17 б.
7. Abdulla Qodiriy. “O‘tkan kunlar”. – Т.: G‘afur G‘ulom. 2015.
8. Alisher Navoiyning 10 tomlik “To‘la asarlar to‘plami”. – Т.: G‘afur G‘ulom.2016
9. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік сөздері. А.: 2006.
- 10.Абайдың қара сөздері. А.: 2010
- 11.Аманжолов С. Қазақ жұмбақтары. А.: 2006.
- 12.Ахметов З. Асыл Ұ. Қазақ әдебиеті. 10-сынып (хрестоматия). А.:2006.
- 13.Әуезов М. Абай жолы роман эпопеясы. 1-2 том. А.: 2001.
- 14.Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дереккөздері. А.: 1997.
- 15.Әбдібаев Х. ҚабдоловЗ. НұрғалиевР. Қазақ әдебиеті. 11-сыныпқа арналған оқулық. А.: 1998.
- 16.Бердібаев Р. Мұхтар шыңы. А.: 1997.
- 17.Жұмалиев Қ., Ақшолақов Т. Қазақ әдебиеті. 9-сынып оқулық. А.: 2003.
- 18.Zahiriddin Muhammad Bobur. “Boburnoma”. – Т.: G‘afur G‘ulom. 2016.

19. Мырзахметов М. Әуезов және Абай. А.: 1997.
20. Мақал-мәтелдер жинағы. А.: 2010.
21. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. А.: 2008.
22. Қабдолов З., Қирабаев С., Әдібаев Х. Қазақ әдебиеті. 11-сынып оқулық. А.: 2011.
23. Ісләмжанұлы К., Тілешова., Әрінова., Баттал Р. Әдебиет. 6-сынып. А.: 2006.
24. Рустемов А. Абай олами. Т.: 2015.
25. Сейданов Қ. Түбір бірге туысқан. Т.: 2011
26. Сейданов Қ. Туысқандар (қазақ-өзбек әдебиетінің байланыстарының даму сипаттары). Т.: 2018.
27. Сыздықов К. Мұхтартаңудың беймәлім беттері. А.: 1997.
28. То‘хлиев В., Ashurova G. “Ta’lim bosqichlarida Alisher Navoiy hayoti va ijodini o‘rganish” – Т.: 2017.
29. Yusuф Xos Hojib. “Qutadg‘u bilig”. – Т.: G‘afur G‘ulom. 2015.
30. Yusupova D. “O‘zbek mumtoz va milliy uyg‘onish adabiyoti”. – Т.: Tamaddun, 2016.
31. Sharaffidinov O. “Devondagi o‘ylar”. – Т., Ma’naviyat. 2004.
32. Oybek. “Qutlug‘ qon”. – Т., G‘afur G‘ulom. 2015.
33. Shayxzoda M. Saylanma. – Т., G‘afur G‘ulom. 2015.
34. Muxtor A. Saylanma. – Т., G‘afur G‘ulom. 2015.

